



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Қазақстанның 11 өңірінде инфляция баяулады

Астана қ.

2026 жылғы 17 ақпан

Қаңтарда елде жылдық инфляция 12,2% болды (2025 жылғы желтоқсанда – 12,3%).

Жылдық инфляция 11 өңірде баяулады, 8 өңірде жеделдеп, 1 өңірде бұрынғы деңгейде қалды.

Қаңтарда **азық-түлік тауарларының** бағасы жылдық мәнде 12,9% болды (2025 жылғы желтоқсанда – 13,5%). Осы топтағы тауарлардың бағасы Ұлытау облысында (16,2%) ең жоғары, ал Ақтөбе облысында (11,3%) ең төмен өсім көрсетті.

Қаңтар қорытындысы бойынша **азық-түлікке жатпайтын** тауарлар бағасының өсу қарқыны жылдық мәнде 11,7%-ға дейін жеделдеді (2025 жылғы желтоқсанда – 11,1%). Ең жоғары мән Ақмола облысында (13,4%-дан), ең төменгі мән Батыс Қазақстан облысында (8,0%) тіркелді.

Қаңтарда **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасының өсу қарқыны жылдық мәнде 12,0% деңгейінде өзгеріссіз қалды. Сонымен қатар Маңғыстау облысында (9,0%) баға жалпы республикалық деңгейден біршама төмен өсті.

Қаңтарда елде **айлық инфляция 1,0%**-ға өсті.

Толық ақпарат: Ұлттық Банктің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)